

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№5 5 ақпан
2021 жыл жума

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Есеп беру жиналысы 1

“Белсенділіктің жетістігі” 2

Әдістемелік кеңес 3

“Тәуелсіздік-ел тұғыры” онлайн кездесу 4

“Ашық есік” күні 5

“Патронаж мейіргерінің жаңа рөлі” оқыту 6

Акушер-гинеколог маманының кеңесі 7

Құттықтаймыз! 8




Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының сайлауында белсенділік танытып, "Nur Otan" партиясының айқын басымдықпен жеңіске жетуіне қосқан үлесі үшін ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасының Алғыс хатымен колледж студенттері Д.А. Омар мен С.Б.Ерғара марапатталды.




Талдықорған жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен, "Фармация" мамандығы бойынша білім алушылар арасында "Фармацевт өмірінің бір күні" атты республикалық эссе байқауына қатысқаны үшін колледж студенті Қ. Қадір, Сертификатқа ие болды. Жетекшісі Ұ.М.Ахметова студенті сайыста жақсы нәтиже көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі "ҚР медициналық колледждер одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен "Коронавирус (Pandemic Covid-19): салдары мен жеңудің ықтимал жолдары" тақырыбындағы ҚР медициналық колледж студенттерінің ғылыми-ізденіс конференциясына үздік жұмысын ұсынып, жоғары оқу-танымдық қабілеттілік танытқаны үшін "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК студенті Е.Т. Насихатұлы І-дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Л.Т. Қуанышбекова.



Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы ШЖҚ Түркістан жоғары медицина колледжінің ұйымдастыруымен "Коронавирус (Pandemic Covid-19): салдары мен жеңудің ықтимал жолдары" тақырыбындағы ҚР медицина колледж студенттерінің ғылыми-ізденіс конференциясына ізденіс жұмысын ұсынып, жақсы оқу-танымдық қабілеттілік танытқаны үшін "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК студенті А.Е. Байболатова ІІІ-дәрежелі Дипломмен және Сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: З.С. Ескебекова.



«ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Ғылыми көзқарас: идеялар, зерттеулер, инновациялар" атты ІІІ Республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары сайысында "Емдеу ісі" бөлімі, 311 топ студенті А.Е. Шаншархан ІІ орынды иеленіп, Дипломмен марапатталды.



Студенті жоғары жетістікке қол жеткізгені үшін, жетекшісі С.А. Орынбек Дипломмен марапатталды.



С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті өткізген халықаралық онлайн конференциясына колледж студенті А.О. Лунева қатысып, Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: К.А. Тойланбаева.

"USTAZ TILEGI" Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Республикалық ағылшын тілі пәнінен студенттер арасында олимпиадасының жеңімпазы колледждің 3 курс студенттері Д.Ж. Момынханова ІІ дәрежелі және А.Қ. Мадешова ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: олимпиадаға жеңімпаздар дайындағаны үшін колледж оқытушысы Б.А. Қырықбаева Алғыс хатпен марапатталды.



"USTAZ TILEGI" Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Республикалық Ағылшын тілі пәнінен ұстаздар арасында олимпиадасының жеңімпазы колледж оқытушысы Қ.А. Тойланбаева ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <https://hmc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk>

https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz



№5 5 ақпан 2021 жыл жұма

№5 5 ақпан 2021 жыл жұма


Есеп беру жиналысы 1



25.01.21ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы 2019-2020 жылдың қорытындысы бойынша медициналық кеңестерді өткізу кестесіне сәйкес Жамбыл жоғары медициналық колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова 2019-2020 оқу жылының ІІ жартыжылдығы мен 2020-2021 оқу жылының ІІ жартыжылдығында атқарған жұмыстары мен міндеттері туралы есеп берді. Есеп беру жиналысына денсаулық сақтау басқармасының басшысының орынбасары Х.С.Мурзакасымов және колледж оқытушылары қатысты.


Жамилия Нурғалиевна өз есебінде 2020-2021 оқу жылында білім алушылар контингентіне, колледждің кадрлық құрамына, кәсіптік бағыт бағдар беру және түлектерді жұмысқа орналастыру, кәсіптік практиканы өткізу барысына, дуальдық оқыту, әлеуметтік серіктестік, қаржыландыру, колледждің материалдық-техникалық базасы, колледждің кітапхана қорына, оқытушылар жетістіктері мен тәрбие жұмысына, студенттер жетістіктеріне, халықаралық ынтымақтастық, колледж жетістіктеріне, білім беру қызметтерінің сапасын бағалау индикаторы бойынша, колледждің даму стратегиялары мен өзекті мәселелерге тоқталды. Түлектеріміз ұлттық тестілеу де 96,7% көрсетіп, республика бойынша үздік 20 колледж қатарында екенін айтты. Есеп соңында денсаулық сақтау басқармасының басшысының орынбасары Х.С.Мурзакасымов Жамбыл жоғары медициналық колледжіндегі атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова колледж ұжымы орта буын медицина мамандарына сапалы білім беру жолында аянбай еңбек ететінін айтты.

“Белсенділіктің жетістігі” бейнеролик 2



28.01.2021ж. колледждің белсенді 404 топ студенті Омар Д. "Белсенділіктің жетістігі" тақырыбында бейнеролик ұсынды. Бұл бейнероликте ол өзінің осы күнге дейінгі жеткен жетістіктерімен бөлісті.


Әдістемелік кеңес 3



13.01.2021 ж. Әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен қашықтықтан онлайн режимінде Әдістемелік кеңес өткізілді. Күн тәртібінде келесі сұрақтар қарастырылды:

1. Кәсіби шет тілі пәнінің оқытылуы және білім сапасы. Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.
2. География пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: бөлім меңгерушісі Қалымбетова Ж.Б.
3. ҚР Тіл туралы Заңын іске асыру комиссиясы жұмысының ұйымдастырылуы мен сапасы. Жауапты: ҚБАА Кеңесінің төрағасы Үсенов Р.Б. Күн тәртібіндегі сұрақтар қарастырылып, Кәсіби шет тілі, География пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы, ҚР Тіл туралы заңын іске асыру комиссиясының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелді, қаулы қабылданды.

“Тәуелсіздік-ел тұғыры” онлайн кездесу 4



29.01.2021 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік - ел тұғыры" тақырыбында елі үшін қызмет еткен зиялы қауым өкілдерімен

ZOOM арқылы қашықтықтан ісшара өткізілді. Ісшараға Тараз Қалалық мәслихат депутаты, Денсаулық сақтау саласының майталманы М.Бердалиев, жас депутат Ә.Әбдікәрім және бірқатар зиялылар қашықтықтан қатысты. Ісшараны колледж директорының орынбасары Л.Т.Қуанышбекова жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізді.

“Ашық есік” күні 5



21.01.2021 ж. Колледжде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен № 35 - ші орта мектеп оқушыларымен “Ашық есік” күні өткізілді. Мектеп оқушылары колледж тарихы мен жетістіктері жайлы біліп, колледж қабырғасында орналасқан кабинеттермен толықтай танысып шықты.


“Патронаж мейіргерінің жаңа рөлі” оқыту 6

18.01.21– 22.01.2021ж. аралығында колледж базасында 2021 ж. орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде ақылы негізінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша орыс тілінде «Патронаж мейіргерінің жаңа рөлі» тақырыбы бойынша оқыту жүргізілді. Оқытудың мақсаты: тұрғындар арасындағы 5 жасқа дейінгі балалардың өлімі мен мүгедектігін азайту; жүкті әйелдер мен жас балаларға арналған патронаждық қызметтің әмбебап прогрессивті моделі бойынша ЮНИСЕФ ақпараттық модульдері техникалық және кәсіптік білім деңгейіндегі «Мейірбике ісі» мамандығы, қолданбалы бакалавриатта Қазақстан Республикасының медициналық колледждерінің білім беру бағдарламаларына енгізу; жүкті әйелдер мен ерте жастағы балаларға мейірбикелік күтімнің әмбебап прогрессивті моделі бойынша оқытушылар мен студенттер де ұлттың тұрақты дамуына үлес қосу.

Модульді оқып-үйренудің мақсаты - жас балаларды дамыту саласындағы жетістіктермен танысу.

Оқу модулдері: "Ерте балалық шақ - шексіз мүмкіндіктер уақыты", "Патронаж мейіргерінің жаңа рөлі", "Ата-ана мен бала арасындағы бауыр басушылықты дамыту", "Әкелерді қатыстыру", "Баланы тәрбиелеу өнері – сүй, сөйле, ойна, оқы", "Үй ортасы және қауіпсіздік", "Балаларды тәрбиелеудің кең таралған мәселелері", "Балаларды қатыгездіктен қорғау", "Патронаж қызметкерлерінің супервизиясы". Орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде 9 оқытушы біліктіліктерін жетілдіріп куәліктерін алды.

Акушер-гинеколог маманының кеңесі 7



25.01.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, колледж психологы Т.С. Алимкулова мен акушерия және гинекология пәнінің оқытушысы А.М. Жақайдың қатысуымен «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында 1 курс студенттерімен (қыздармен) қашықтықтан түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Құттықтаймыз! 8



21.01.2021 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, Жамбыл облысы бойынша “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі” және Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен өткен “Сыбайлас жемқорлық бұл теріс заңды және әлеуметтік құбылыс” тақырыбындағы облыстық пікірсайыста, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 3 курс студенттері Е.Тілеген мен Ұ. Амангелді қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленді.



ҚР «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын педагогтар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Үздік жас маман-2020» атты Республикалық байқауға қатысып, жеңімпаз атанғаны үшін А.К. Коконбаева І дәрежелі Дипломмен, төсбелгімен марапатталды. Оқытушы мақаласы "Үздік жас маман - 2020" атты республикалық жинаққа жарияланды.



Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының сайлауында белсенділік танытып, "Nur Otan" партиясының айқын басымдықпен жеңіске жетуіне қосқан үлесі үшін ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасының Алғыс хатымен колледж оқытушысы М.Ж. Жакипова марапатталды.



Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен, жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында “Дене шынықтыру” пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру курсы жүргізгені үшін тренер М.Т. Досжановаға Алғыс хат берілді.